



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МАРАПАТ ТӨРІНЕН КӨРІНДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Мемлекеттік қызметші күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған сала басшылары мен мемлекеттік қызметшілер қатысты.

Аймақ басшысы әріптестерін мерекемен құттықтап, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытындағы еңбектеріне алғыс білдірді.

«Баршаныңды Мемлекеттік қызметші күнімен шын жүректен құттықтаймын! Елге адал қызмет ету, Отанды шексіз сүю, туған елдің дамуына аянбай үлес қосу – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті. Егемен еліміздің алдындағы стратегиялық міндеттерді орындауда мемлекеттік басқару жүйесіндегі қызметкерлерге артылған жауапкершілік жоғары. Сіздер Қазақстанның жарқын болашағы жолында халық аманатын арқалап, уақытпен санаспай еңбек етіп, антақ адалдықтың, халыққа жанашырлықтың озық үлгісін көрсетіп

келесіздер. Туған жеріміз – Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға қосқан зор үлестеріңіз үшін шынайы ризашылығымды, алғысымды білдіремін! Бүгінде жаңа трансформация кезеңінде кәсіби әрі тиімді мемлекеттік аппарат құру бағытында мемлекеттік қызметшілерді жұмысқа қабылдау тетіктері жеңілдеді. Бюрократиядан арылу, артық кедергілер мен тосқауылдарды жою, кадрлық резервті қалыптастыру, меритократия қағидатын енгізу, қызметтерді сандық форматқа көшіру мемлекеттік қызмет моделін қолжетімді әрі сындарлы диалогқа негізделді. Соның нәтижесінде өңірде мемлекеттік аппаратты оңтайландырып, әкімшілік шығындарды азайтып,



басшылық құрам санын қысқарттық. Президентіміздің Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құру жолындағы бастамалары мен тапсырмаларын аймағымызда сәтті жүзеге асырып, халық сенімінің үдесінен шыға берулеріңізге тілектеспін! Баршаның дендеріңіз сау, жақындарыңыз аман болып, отбасыларыңыздың бақ-берекесі арта берсін!», - деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда мемлекеттік қызметшілер марапат төрінен көрінді. Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет саласының ардагерлері Әбдіғаппар Әмірғалиұлы мен Қожахмет Ильясов Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Мемлекеттік қызмет ардагері», облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шаменов, Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова

«Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгілерімен марапатталды. Бірқатар азаматтарға Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің алғыс хаты табысталды. Сонымен қатар, жас мемлекеттік қызметшілердің Ант беру рәсімі өтті. Айта кетейік, бүгінде үш мыңнан астам мемлекет қызметші аймағымыздың қарышты дамуына елеулі үлес қосуда. Олардың 45 пайызы (1 471) - нәзік жандылар. Мемлекеттік қызметтегі қыз-келіншектердің 294-і басшылық лауазымды абыроймен атқаруда. Кәсіби білігі жоғары, бәсекеге қабілетті, заманға сай жаңаша ойлайтын жастарға әрдайым орын бар. Өңірімізде 35 жасқа дейінгі 800-ге жуық жас мемлекеттік қызметші еңбек етуде. Соңғы жылдары аймағымыздағы мемлекеттік басқару корпусының әлеуеті артып, қызметкерлер кәсіби білімін жетілдіруге ерекше көңіл бөлуде.



ӘДЕБИ ОҚУЛАР ӨТКІЗІЛДІ

Облыстық кітапханада «Жазғы кітапхана - жаңа әлемге ашылар есік» атты әдеби оқулар өткізілді. Максаты – жеткіншектердің зейінін аша отырып кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, білім көкжиегін кеңейту, өз ойларын еркін жеткізуге баулу. Шараға «Қызылорда облысының көмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» КММ тәрбиеленушілері қатысып, алдын-ала берілген көркем шығармалар желісі бойынша оқығандарын ортаға салды. Шара соңында «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» кітап көрмесі оқырман назарына ұсынылды.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қызылорда облысы Полиция департаментінде «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру мақсатында Ашық есік күні ұйымдастырылды. Іс-шара барысында департаменттің материалдық-техникалық мүмкіндіктері, заманауи жабдықтар, арнайы көліктер мен криминалистикалық құрал-жабдықтардың көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

Шараның ашылуында Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары полиция полковнигі Оралбек Омаров сөз сөйлеп, полиция жұмысының ашықтығы мен қоғаммен тығыз байланысының маңыздылығын атап өтті. Ол жастар мен тұрғындарға тәртіп сақшыларының қызметі, техникалық әлеуеті және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заманауи тәсілдер туралы айтып өтті.

Көрме барысында криминалистикалық зерттеулер мен техникалардың қолданылу тәсілдері таныстырылып, келушілерге полиция қызметкерлері тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шара құқық қорғау органдарының халықпен ашық және сенімді қарым-қатынаста жұмыс істеуін көрсететін маңызды қадам болды.

«Ел тілегі» ақпарат



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ДОСХАН ЖОЛЖАҚСЫНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ ӨТТІ



«Өнер орталығында» Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың екі мәрте иегері Доксан Жолжақсыновтың шығармашылық кеші өтті.

Шығармашылық кешті мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық музейдің директоры Берік Әбдіғалиұлы, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, аймақтың өнерсүйер жұртшылығы тамашалады. Салтанатты шарада облыс әкімі құттықтау сөз сөйлеп, ұлттық театр және кино өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан өнер иесіне шығармашылық табыс тіледі.



«Доксан Жолжақсыновтың есімі аталса, әрбіріміздің көз алдымызға «Бандыны қуған Хамит» фильмі келеді. Бұл фильм қазақтың қайсар ұлы Хамиттің Отанына берілген адал бейнесімен қымбат. Душанбеде өткен кинофестивальде актер ер адам рөлін үздік сомдағаны үшін жүлде жеңіп алғанын жақсы білеміз. Қазақ киносы аталса, Шәкен Айманов, Серке Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, бүгінгі Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұлов есімдері ойымызда тұрады. Ардақты Доксан ағамыздың да осы қатарда өз орны бар.

Еліміздің дарынды перзенті – екі жүзден астам рөлдерді сомдаған актер. Біржан сал, Құнанбай, «Көшпенділердегі» Қалден Серен, «Алтын күздегі» Мұрат рөлдері актер Доксан Жолжақсыновтың талантын талай қиырға танытты, сонынан ерген жастарды кино алаңы мен үлкен сахнаға талпындырды. Бұл кейіпкерлер екі дәуірдің жастарын патриоттыққа, отансүйгіштікке

тәрбиеледі. Доксан Жолжақсынов белгілі актер ғана емес, шебер орындаушы ретінде де халық арасында танымал. Домбырасын қолға алғанда рухтанып, қазақ деген талантты халықтың таза болмысын көз алдыға әкеледі», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кеште көрермен назарына «Құнанбай» және «Біржан сал» көркем фильмдерінен үзінділер ұсынылды. Бұл туындылардағы тарихи көріністер мен ұлттық құндылықтар шығармашылық кештің мазмұнын байытта түсті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қаракөз Сүлейменова халық әндерінен шашу шашып, «Ахау керім», «Жүрші, сәулем» сынды дәстүрлі әндермен қатар, «Біз әлі кездесерміз», «Найзағай көңіл», «Махаббат арман» атты лирикалық шығармаларды орындады. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Доксан Жолжақсынов пен Қаракөз Сүлейменоваға қазақы дәстүрге сай құрмет көрсетіп, облыс әкімінің атынан ықылас гүлі табысталды.



АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғаринның төрағалығымен кеңес өтті. Күн тәртібінде агроөнеркәсіптік кешен мен өнеркәсіп саласындағы инвестициялық жобалар талқыланды. Кеңеске облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Биыл аймақтың ауыл шаруашылығы саласына 86 млрд. 400 млн. теңге инвестиция тарту межесі бекітілген. Қантар-мамыр айларының қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы және тамақ өнімдерін өндіруде негізгі капиталға салынған инвестиция 4 млрд. 731 млн. теңге болып, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 26 пайызға артты. Инвестиция тартуды тұрақты қамтамасыз ету үшін аймақтың агроөнеркәсіп кешенінде 2025-2027 жылдары іске асырылатын инвестициялық жобалардың жол картасы бекітілді. Жол картасында 30 инвестициялық жоба қамтылған. Бұл жобалар жүзеге асқанда 295 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Биыл 13 млрд. 400 млн. теңгенің 14 инвестициялық жобасы жоспарлануда.

Өнеркәсіп саласында биылғы 5 айда 426 млрд. 950 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 0,4 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібінде 155 млрд. 300 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, көрсеткіш 18,2 пайызға артты.

Экономиканы әртарапандыруда 2025-2028 жылдары қолға алынатын 89 инвестициялық жобаның 27-сі биыл іске асырылуда.

Ірі жобалардың бірі – қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы. Өңірдің кірпіш өнімдеріне қажеттілігінің 90 пайызын қамтамасыз ететін, құны 5 млрд. теңге болатын заманауи кірпіш зауыты іске қосылды. Азық-түлік өнеркәсібінде нан-тоқаш, кондитерлік, макарон өнімдерін өндіру кешені, түйе сүтінен жылына 392 тонна құрғақ ұнтақ өндіру зауыты мен әрқайсысы 2 мың шаршы метр екі шағын өнеркәсіптік аймақ биыл жұмысын бастайды.

Түйе сүтінен алынатын құрғақ ұнтақ өнімдер қытайлық компаниямен жасалған оффтейк келісімі аясында толығымен Қытайға экспортталатын болады. Биыл жалпы құны 24,2 млрд теңге, қуаттылығы 90 мегаватт үш күн-электр станциясы іске қосылады. Бұдан бөлек, жыл ішінде жалпы сомасы 553,6 млрд теңгеге бағаланған 14 ірі жобаның құрылысы басталады.

ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім және ғылым саласының ардагері Серікбай Қошқаровты, денсаулық сақтау саласының ардагері Сағындық Шәмшиевті 80 жас мерейтойымен құттықтап, құрмет көрсетті.

Мерекелік жиынға жауапты сала басшылары, облыстың зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері қатысты. Аймақ басшысы мерейтой иелеріне ізгі тілегін жеткізіп, олардың еңбек жолындағы жетістіктеріне тоқталды.

«Сыр өңірі – қаймағы бұзылмаған қазақтың киелі ордасы, құт-береке дарыған, бабалар дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтастығы үзілмеген қасиетті мекен. Елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге, абзал да адал жандарға, еңбек адамдарына кенде емес. Бүгінгі жиынымыз қажырлы еңбегімен халықтың ықыласына бөленген, өнегелі істердің ұйытқысы болған ардақты ағаларымыздың құрметіне арналады. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері,



Қызылорда қаласының құрметті азаматы Серікбай Иманбайұлы мен Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Шапағат» медалінің, «Құрмет» орденінің иегері Сағындық Шәмшіұлы 80 жасқа толды.

Қадірлі ағалар, мерейтойларыңыз құтты болсын!

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ғылым күніне» арналған салтанатты шарада еліміздің дамуына айрықша үлес

қосқан ғалымдарды мемлекеттік наградалармен марапаттады. Бұл – ғылым мен білімге көрсетілген жоғары құрметтің белгісі. Сол жиында Серікбай Иманбайұлы отандық білім және ғылым саласындағы жемісті еңбегі үшін «Парасат» орденін алды.

Сағындық Шәмшіұлы ұзақ жылғы еңбек жолында бірінші санатты білікті дәрігер-хирург, мықты ұйымдастырушы ретінде тұрғындарға медициналық жедел жәрдемнің дер кезінде, сапалы қызмет көрсетілуін қамтамасыз етті. «Дәрігер жүрегі», «Жұлдыздар жанған жұмақ жер» атты кітаптары жарық көрді. Ағамыз зейнетке шыққаннан кейін де осы салада қызметін жалғастыруда», – деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты басқосуда мерейтой иелеріне облыстың ең жоғары наградаcы – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталып, дәстүрге сай шаһан жабылды. Қоғам қайраткерлері, шараға қатысушы ардагерлер құттықтауларын жеткізді. Жиын соңында Серікбай Қошқаров пен Сағындық Шәмшиев көрсетілген құрметке алғыс білдірді.

КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жастарды қолдау жөніндегі аймақтық кеңес отырысы өтті. Күн тәртібіндегі басты мәселе «Жасыл ел» еңбек жасағының маусымдық жұмысының жүзеге асырылу барысы болды. Кеңес мүшелері бағдарламаның тиімділігін арттыру, жастардың маусымдық жұмысқа шақыртылу жұмыстарының жолдарын талқылады. Сонымен қатар, жобаға қатысты туындаған сұрақтар мен ұсыныстар ортаға салынды.

Кеңес жиынына «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, жастарды қолдау бойынша кеңестің мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары, атқарушы орган мен БАҚ өкілдері және «Жастар Рухы» ЖҚ оқу орны бөлімшелерінің жетекшілері қатысты. Өңірдегі «Жасыл ел» еңбек жасағының маусымдық жұмысы туралы, жоба аясында жастарды жұмысқа тарту және қабылдау, ақпараттық түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі, еңбек және техникалық қауіпсіздігі бойынша дайындығы, бюджеттік қамтамасыз ету және қажетті материалдық-техникалық базамен жабдықтау мәселесі, экологиялық бағыттағы

нақты жұмыс нысандары мен жоспарланған іс-шаралар бойынша Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Уәлихан Ибраев тоқталып өтті.

«Қазіргі таңда Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда 400 жас елдімекендерді көркейту, көгалдандыру және абаттандыру секілді игі істерге өз үлестерін қосуда. Тіркелген сарбаздардың басым бөлігі студенттер мен оқушылар. Сарбаздарға «Жасыл ел» еңбек жасағының логотипі бейнеленген экипировкамен, яғни футболка, кепкі, колғаппен қамтамасыз етілді. Жасылелдіктердің жалмақысы айына 100 мың теңгені құрайды. Жұмыс




барысында сарбаздар міндетті түрде әдістемелік нұсқаулықтармен таныстырылады. Облыстық және аудандық штабтардың жұмысын үйлестіру мақсатында 8 маман жаңа жұмыс орындары ретінде жұмыспен қамтылды» - деді Уәлихан Серікұлы.

Отырыс қорытындысы бойынша, «Жасыл ел» жастарды

көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына тарту» әлеуметтік жобасын жүзеге асырылу бойынша бірқатар нақты ұсыныстар қабылданды. Айта кетейік, Жастарды қолдау жөніндегі аймақтық кеңес отырысының қорытындысы бойынша арнайы хаттама әзірленіп республикаға жолданып болады.

ЖАҢА АЙЫППҮЛДАР ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК?



Кейінгі уақытта әлеуметтік желіде тараған жаңа айыппұл түрлері көлік жүргізушілерінің назарын аударды. Жол қозғалысы қауіпсіздігін күшейту мақсатында Әкімшілік құқықбұзушылықтар кодексіне енгізілген өзгерістер елдің талқысына түсті. Олардың арасында жалғаны да, таңғалдырғаны да бар. Сонымен, жүргізушілер кейінгі айтылған ережелерден нені білуі керек?

Көлік терезесінен қолын шығарғандарға айыппұл салынатыны рас па?

2025 жылдан бастап жолаушылардың көлік терезесі не логінен дене мүшелерін шығаруы, қозғалыс кезінде есік ашқаны үшін жүргізушіге 10 АЕК (39 320 теңге) көлемінде айыппұл салынады. Мұндай шара жастардың үйлену тойы мен мектеп бітіру кештерінде қауіпсіздікті елемей, көлік терезесінен шығып кету жағдайларынан кейін қабылданған.

ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің басшысы Қайсар Сұлтанбаевтың айтуынша, бұл ереже азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған.

Мәселен, егер көлік қозғалып тұрған кезде жолаушының қолы, басы көлік шекарасынан шығып, қауіп төндірсе – бұл заңбұзушылыққа жатады. Мұндай жағдайда жауапкершілік жүргізушіге де, жолаушыға да жүктеледі. ІІМ түсіндіруінше, темекі шегу үшін терезе ашып, қолды сәл шығарғаны

үшін бірден айыппұл салынбайды.

Жылдамдықты 60 км/сағ-тан асырғандарға — 157 мың теңге айыппұл

2025 жылдан бастап жылдамдықты сағатына 60 км/сағ және одан да көп мөлшерде асырған жүргізушілерге 40 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Бұл - 157 280 теңге. ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаевтың айтуынша, трассаларда орнатылған орташа жылдамдықты бақылау жүйелері арқылы 15 мыңнан астам осындай бұзушылық анықталған.

Қарсы жолаққа шыққандар 9 айға куәліктен айырылады

Қарсы бағытқа шығу ережесі де күшейтілді. Егер бұрын мұндай әрекет жол-көлік оқиғасына әкелмесе – жүргізуші 6 айға жүргізуші куәлігінен айырылатын. Ал енді егер қарсы жолаққа шығу апатқа себеп болса, жүргізуші 9 айға көлік жүргізу құқығынан айырылады. Бұл өзгеріс жаза мөлшерінің қауіпке сай болуын қамтамасыз ету үшін енгізілді. Айта кетейік, наурыз айында да бірқатар өзгерістер ескертілген еді. Мәселен теміржол өткелінен өту ережесін бұзғандар – 20 АЕК көлемінде айыппұл төлейді (бұрын 10 еді), ал егер апатқа себеп болса – 9 айға куәлігінен айырылады. Сондай-ақ, жедел жәрдем мен полиция көлігіне жол бермегендерге – 20 АЕК айыппұл салынады (бұрын 7), қайталанса – 40 АЕК және 20 сағат қоғамдық жұмыс (2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап).

ОБЛЫСТЫҚ ӨНЕР БАЙҚАУЫ БАСТАУ АЛДЫ

Аманат партиясы облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов Қызылорданың астана болғанына - 100 жыл толуына орай Қызылорда қаласы әкімдігі мен мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы Қызылордам» атты тақырыпта аудандар арасында басталған облыстық өнер байқауының ашылу салтанатына қатысты. Филиал төрағасы жерлестерімізді мерекемен құттықтап, өңірде мәдениетті қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды жеткізді.



«Қызылорданың астана болуы тарихтың жаңа беттерін ашып, елдің саяси өмірінде қазақтың ертеңіне бағытталған елеулі өзгерістер орын алды. 1925 жылдың сәуір айында V пленумда «киргиз» атауын «қазақ» деп ауыстыру – Қызылорданың астана болып тұрған кезінде, осы жерде қабылданды. Бұл ұлт үшін де, біздің жерлестеріміз үшін де үлкен тарихи оқиға. Міне, ғасыр жасаған Сыр өңірі бүгінде барлық жағынан өркендеп келеді. Бір ғана мәдениет саласын айтар болсақ, аймақ басшысының қолдауымен өңіріміздің ауқымды жобалар жүзеге асты. Мәселен, былтыр «Руханият жылы» асында 1000 орындық «Өнер орталығы» іске қосылды. Сыр мәдениетінің негізгі бренді – жыраулық дәстүр өкілдеріне арналған «Жыраулар үйі» ашылды. Қызылорда облысының барлық 7 аудан орталығында «Руханият орталықтары» салынып,

пайдалануға берілсе, сол жағалаудан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ашылды. «AMANAT» партиясы да өңір мәдениеттің мәртебесін көтеріп, өнерін құрметтеуге бағытталған жұмыстарын жалғастыра беретін болады және бүгінгі аудандар арасында ұйымдастырылып отырған іс-шара өңірлер арасындағы мәдени-рухани байланысты арттырып, ұлт руханиятына зор үлес қосады деп сенемін», деді Алмасбек Есмаханов.

Атап өтейік, «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы Қызылордам» атты облыстық өнер байқауы барлық аудандар және Қызылорда қаласы өнерпаздары арасында шілде айына дейін жалғасатын болады. Байқау жеңімпазсы арнайы номинациялар, бағалы сыйлықтармен марапатталмақ. Байқау шымдылығын кеше Жаңақорған ауданы ашып, өнерпаздар қала тұрғындарына ән-жырдан шашу шашты.

■ Аудан жаңалықтары

АРАЛДЫҚ ДИҚАНДАР АЛҒАШҚЫ ӨНІМ АЛА БАСТАДЫ



Акирек және Сексеуіл кентінде алғашқы өнімі алынды. Өңірлік өнім жақын арада сатылымға шықпақ.

Акирек ауылдық округіндегі «Нұр-Дана» шаруа қожалығының төрағасы Ә.Мейірманов 6 гектар аумаққа тамшылатып суару (подпленка) әдісімен бақша (қарбыз, қауын) дақылдарын орналастырып, қауынның Даккар F1 тұқымының алғашқы өнімін алды. Ал, Сексеуілдік жеке кәсіпкер А.Боханов заманауи тәсілдерді ұштастыра отырып, жалпы көлемі 14 гектар аумаққа түрлі көкөніс және бау-бақша дақылдарын орналастырған болатын. Оның ішінде, 4 га көкөніс, (княр, қызанақ, асқабақ), 10 га жерге

бақша дақылдарын қауын, қарбыз еккен. Алқапқа тамшылатып суару (подпленка) жүйесін қолданады. Бүгінде дихан княр тұқымының Северин F1 сортының алғашқы өнімін алды. Дихандардың көктемдік еңбектері акталуда. Қауынның Даккар F1, княр тұқымының Северин F1 сортын өсірген кәсіпкерлер бүгіннен бастап ауылшілік азық-түлік дүкендерде аталған өнімді сатылымға шығарды.

Тұрғындардың бұл кәсібі ауданды жергілікті өніммен қамтуға септігін тигізуде. Аралдық кәсіпкердің айтуынша аудан экономикасын қалыптастыруда жергілікті диқандардың еңбегі орасан зор.

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қазалы ауданында облыс әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның жоспарына сәйкес, қоғам қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Оразкүл Асанғазықызымен «Берекелі отбасы» тақырыбында тағылымды мол, рухани кездесу өтті.

Кездесу отбасы институтын нығайту, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрімізді дәріптеуге бағытталған. Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиев, аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшелері, аудандағы түрлі мекемелерде қызмет атқаратын қыз-келіншектер, аудандық әйелдер және аналар кеңесінің мүшелері, зиялы қауым өкілдері, батыр аналар, аудан жастары қатысты.

Ұрпақ тәрбиесі мен отбасы құндылықтары жайлы өмірлік тәжірибесімен бөліскен Оразкүл Асанғазықызы тыңдаушыларды терең ойға жетелеп, ұлттық



тәрбиенің, қазақы салт-дәстүр мен отбасындағы ұл, қыз тәрбиесі, ата-ананың отбасындағы рөлі мен орыны, қадір-қасиеті және берекелі шаңырақтың маңызын әсерлі жеткізді. Жиында Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Жәнібек Алмасұлы қоғамдағы маңызды мәселелерді қолға алып, еліміздің

дамуында аянбай еңбек етіп жүрген Оразкүл Асанғазықызына алғыс айта отырып, иығына қазақы қамзол жауып, сый-сияпат көрсетті. Осындай тағылымды кездесулер ұлттың ұйытқысы - отбасының рухани негізін нығайтуға сеп болары сөзсіз.

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 24 маусымдағы
№ 2204 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 24 маусымдағы № 01-1/710 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Мемлекеттік емес жер пайдаланушы «Дәнекер құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда қаласы, Сол жағалау шағын ауданы, № 65 А жер телімі мекенжайындағы көп қабатты тұрғын үй құрылысы үшін көлемі - 512,0 (бес жүз он екі) шаршы метр кадастрлық нөмірі 10-156-086-379 жер учаскесінде абаттандыру жұмыстары жүргізілуіне байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 25 қыркүйек болып белгіленсін.
- Мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43 ғимарат, № 13 кабинет болып белгіленсін.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік емес жер пайдаланушының ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.
- Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі	Н. Ахатов	Аким города Кызылорда	Н. Ахатов
------------------------------	-----------	--------------------------	-----------

Постановление акимата города Кызылорда
№ 2204 от 24 июня 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел строительства» акимата города Кызылорда № 01-1/710 от 24 июня 2025 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Начать принудительное отчуждение земельного участка кадастровым номером 10-156-086-379 для государственных нужд у негосударственного землепользователя товарищество с ограниченной ответственностью «Строительная компания Дәнекер» в связи с проведением работ по благоустройству территории, расположенный по адресу: город Кызылорда, микрорайон Левый берег, земельный участок № 65 А, площадью 512,0 (пятьсот двенадцать) квадратных метров для строительства многоэтажного жилого дома.
- Датой принудительного отчуждения определить 25 сентября 2025 года.
- Местом обращения негосударственного землепользователя, определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, № 43, кабинет № 13.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить негосударственного землепользователя, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
- Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІНІҢ КУШІ ЖОЙЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ!

Мұнайлы аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің 2025 жылғы №15 Бұйрығына сәйкес төменде көрсетілген азаматтар:

- 26.11.2021 жылы Узақбаев Аскар Турмуратовичке берілген сериясы R013891 тракторшы-машинист куәлігін қайтаруды міндеттеуді;
- 10.02.2023 жылы Гударов Кенеш Полатбаевичке берілген сериясы R014061 тракторшы-машинист куәлігін қайтаруды міндеттеуді;
- 03.03.2023 жылы Асылбаев Канат Ибрагимовичке берілген сериясы R01401777 тракторшы-машинист куәлігін қайтаруды міндеттеуді;
- 07.03.2024 жылы Карамурзаев Амангелдыге берілген сериясы R014830 тракторшы-машинист куәлігін қайтаруды міндеттеуді;
- 20.03.2023 жылы Жазиков Шынгыс Нағымбетжанұлына берілген сериясы R014528 тракторшы-машинист куәлігін қайтаруды міндеттеуді;
- 13.07.2023 жылы Таукенов Мұхтар Аннанепесовичке берілген сериясы R014126 тракторшы-машинист куәлігін қайтаруды міндеттеуді;
- 23.01.2024 жылы Джусипбеков Нурлибек Уразалыевичке берілген сериясы R014896 тракторшы-машинист куәлігін қайтаруды міндеттеуді;
- 07.10.2024 жылы Амандыков Жамбұл Поладовичке берілген сериясы R015180 тракторшы-машинист куәлігін қайтаруды міндеттеуді;
- 13.03.2024 жылы Темиров Абдулла Абдиоровичке берілген сериясы R014837 тракторшы-машинист куәлігін қайтаруды міндеттеуді;

Аталған тұлғалардың жүргізуші куәлігінің күші жойылғанын хабарлаймыз.

Аманкелді ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының ХАТТАМАСЫ

Аманкелді ауылы	№1	«14» мамыр 2025 жыл
Өткізілген орны: Аманкелді ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залы.		
Қатысқандар: Аманкелді ауылдық округі әкімі, жергілікті қоғамдастық мүшелері және ауыл тұрғындары.		
Күн тәртібінде: Аманкелді ауылындағы атауы жоқ көшелерге 2025 жылы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай бір немесе бірнеше ордендердің иегері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері Найманов Бәкеш, Оралбаев Балабай есімін беру туралы.		
«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумадық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабына сәйкес «Сырдария ауданы Аманкелді ауылдық		

округінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Аманкелді ауылындағы көшелерге атау беру және қайта атау мақсатында ауыл халқының пікірін ескеру үшін жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өткізілетіндігін хабарлайды.

Өткізілетін күні, уақыты және орны: 16 маусым 2025 жыл, сағат 10:00. Аманкелді ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залы.

Жиналыс төрағасы: Н.Құдайбергенов
Жиналыс хатшысы: Г.Дарменова

Аманкелді ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының ХАТТАМАСЫ

Аманкелді ауылы	№2	«16» маусым 2025 жыл	Сағат: 10-00
Өткізілген орны: Аманкелді ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залы.			
Қатысқандар: Аманкелді ауылдық округі әкімі, жергілікті қоғамдастық мүшелері және ауыл тұрғындары.			
Күн тәртібінде: Аманкелді ауылындағы атауы жоқ көшелерге 2025 жылы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай бір немесе бірнеше ордендердің иегері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері Найманов Бәкеш, Оралбаев Балабай есімін беру туралы.			
Жиналысты Аманкелді ауылдық округі әкімі З.Жаманкулов ашып, қатысушыларды күн тәртібінде қаралатын мәселемен таныстырды.			
Қорытынды: Аманкелді ауылдық округінің «Қоғамдастық кеңесі» жоғарыда аталған жұмыстарды іске асыру мақсатында			
		Жиналыс төрағасы: Н.Құдайбергенов Жиналыс хатшысы: Г.Дарменова	

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025
жылғы 24 маусымдағы
№ 2201 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 19 маусымдағы № 01-1/688 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы Совет Шохан Ерланұлына уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен табысталған, Қызылорда қаласы, Сол жағалау шағын ауданы, нөмірсіз мекенжайында орналасқан көлемі 6000,0 (алты мың) шаршы метр ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-086-879) жер учаскесін Қызылорда қаласының Сол жағалауынан 40 МВт-тық жылу қазандығының құрылысын салу үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 25 қыркүйек болып белгіленсін.
- Жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі	Н. Ахатов	Аким города Кызылорда	Н. Ахатов
------------------------------	-----------	--------------------------	-----------

Постановление акимата города Кызылорда
№ 2201 от 24 июня 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел строительства» акимата города Кызылорда № 01-1/688 от 19 июня 2025 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для строительства тепловой котельной 40 МВт в Левом берегу города Кызылорда у собственника или негосударственного землепользователя Совет Шохан Ерланұлы на праве временного возмездного землепользования (аренды), расположенный по адресу: город Кызылорда, микрорайон Левый берег, без номера (кадастровый номер 10-156-086-879), площадью 6000,0 (шесть тысяч) квадратных метров для строительства и обслуживания здания.
- Датой принудительного отчуждения определить 25 сентября 2025 года.
- Местом обращения собственника земельного участка или негосударственного землепользователя определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, №43, кабинет №13.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
- Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Қазақ есепшілері адам баласының 100 жасын бір ғасыр ғұмыр деп есептейді. Осы 100 жастың 50 жасын «ұйқылы өмір» немесе «барзақ ғұмыр», қалған 50 жасын «ояу тірлік» немесе «саналы ғұмыр» деп есептейді. Ал ояу тірліктің 15 жасын ойнақтаған балалық, 75-тен асқанын жер таянған кәрілік, сонда ортасында «қамшының сабындай қысқа ғұмыр» деп есептейтіні содан. Этнограф Болат Бопайұлының қазақтың мүшел жас ұғымына қатысты еңбегінен деректер жинадық.

Қазақ есебінде адам өмірінің әр он үш жылында бір мүшел айналып келіп отырады. Мұнда бір нәрсені қанық білуіміз керек. Мүшелінің алғашқысы немесе бірінші мүшел 13 жылда қайырылса, қалған мүшелдер 12 жылдан қайырылып отырады. Мәселен, жүзден асып жығылған адамның мүшел жасы 9 рет айналып келеді. 13 жас – бір мүшел, 25 жас – екінші мүшел, 37 жас – үшінші мүшел, 49 жас – төртінші мүшел, 61 жас – бесінші мүшел, 73 жас – алтыншы мүшел, 85 жас – жетінші мүшел, 97 жас – сегізінші мүшел, 109 жас – тоғызыншы мүшел деп есептеледі.

Бір мүшелде 12 жыл бар. Жыл қайыруда алғашқы туған жылы қайта оралғанда мүшелге толып отырады. Мүшел жас тақ жылдардан қайырылады, жұп жылдардан емес. Міне, қазақ осы есепті «мүшел қайыру» деп атайды. Қазақ әдеби тілінде жүзден асып, яғни тоғызыншы мүшелді толық жасаған атаны «арда ата», «ақ ата», «ару ата», «киелі ата» деп атайды. Осындай жасқа толған ананы «кейуана», «ақ апа», «әулие апа» деп атайды.

Қазақ мүшел жасты «қатерлі жас», «қауіпті кезең» деп есептеген. Адамның өмірі әр он екі жылдан бір қайырылғанда қамыстың буын-бунағына ұқсайды деп қараған. Жел ұрған қамыс буынынан сынады. Өмірдің де буыны мүшел жас деп қараған. Сондықтан мүшел жасында алыс сапарға жалғыз шықпаған, той жасамаған, өлімді жерлерге көп бармаған, мал бауыздамаған, адамдармен шармақтасып ұрыспаған. Той-томалақта көзге түсіп, көрнекті жерде отырмаған. Өзінің ең сүйікті, жақсы көретін бір затын өзіне адал құрбысына, не достарының біріне сыйға ұсынған. Бір жылдың он екі айының ішіндегі аспандағы ай толған сайын Айға қарап «Айдан аман, жылдан есен, өмірден бүтін болып келемін» деп ай сайын садақа беріп отырған.

Он үш жас – бір мүшел

Қазақ есебінде он үш жасқа толған бала бір мүшелге толған кезінде жыл жылжып нысанына, ай айналып аялдамасына, күн айналып бастапқы нүктесіне тоқтайды. Осы кезде баланың да мүшесі бір буын болып өсіп толады деп қарайды. Қазақ бір мүшелге толған баланы «қозы жасқа толды», «қозыбағар болды» деп мойнына бақташылық міндет артады, мал қайыруға, мал бағуға қабілетті деп есептейді. Он үш жас немесе он бес жаста «отау несі» деп қарайтыны сондықтан. Ал бір мүшелге толған қыз баланы «ошақ ұстар», «ожау қағар», «қазан қайнатар» жасқа толды деп есептейді. Он үш жасқа толған ұл бала айналасына қызға қарап, ақ-қараны айыра бастайды. Мінезі асау, тарпан, тамақсау болады. Тез алданады, тез жанданады, қанқызбалау келеді. Ду дегенге дыз етіп жүгіріп кетеді. Ойынға құмар келеді. Қыз бала бір мүшелінде қызылға құмартаты, айналасына ғашық көзбен қарай бастайды. Қырда өскен қызғалдақтай құлпыра түседі. Сезімі бәйішешкейі бүр жаралды. Бітімі түрленіп, пішіні гүлденеді. Бірақ аңқау, бейқуә, пәк жүрекпен өмір сүреді.

Бұл бір буын мүшелі аса қауіпті саналмайды. Денсаулығы, дене бітімі есетін өтпелі кезең болғандықтан, оларға ата-аналары мұқият қарап, қамқоршы бола білгені жөн. Өйткені олардың бойы да, ойы да толық пісіп жетілмеген кез. Тілге ергіш, ойнап жүргіш, еркеқотай кезі. Мұны қазақ «сүт тандай өмір» деп есептейді.



ҚАЗАҚ МҮШЕЛ ЖАСТЫ НЕГЕ ҚАТЕРЛІ ДЕП САНАҒАН?

Десе де, тәжірибеге сүйенгенде, он үш жастағы өрендердің ішінде ұл болсын, қыз болсын білімі кемелді, ақылы асқан, дана балалар да болады. Қазақтың «ақыл жастан, асыл тастан», «жүзден жүйрік, мыннан тұлпар» деп балаларды бағалап жататыны да тектен тек емес. Дегенмен, бір буын мүшел ішіндегі балалар қауіп-қатерге тез ұшырайды. Олардың бойы мен ойы өлшеуге келмейді, ішкі қуаты, ақыл-ойы кемелдене қоймаған кез болғандықтан «бала, баланың ісі шала», «басының дымы кетпеген», «шиікі өкпе» деп үнемі ескертіп отыратыны да содан.

Біз мынаны білуіміз керек: он үш жасқа толған балаларға ата-ана болған адам көзден таса қылмай, үнемі ақыл айтумен, тәрбие берумен, өнегемін үлгі көрсетумен, жарасымды іс-әрекетімізбен қамқор бола білгеніміз жөн. Себебі, бұл жастағы өрендер сынаптай сырғып, тұрақты көзқарас қалыптастыра алмайды, тәндік жақтан үздіксіз өскендіктен рухани жақтан әлсіз болса, «балалық желік» ауруына душар болуы әбден ықтимал. Бір мүшелге толған баланың бір киімін басқа бір досына сыйға беруді ұмытпаған абзал. Баланы жалғыз-жарым алыс сапарға, бөтен ауылға қыдыруға рұқсат бермеу керек. Өйткені буын желігі он екі айға созылатыны естен шықпағаны абзал.

Жиырма бес – екінші мүшел

Қазақ есебінде жиырма бес жас екінші мүшел саналады. Мұны «екінші мүшел», «екі буынды өмір» деп атайды. Бұл жасқа толған азаматтың ақыл-ойы да, сана-сезімі де біршама дамыған шағы. Азаматтар самырсын сапты бағталай, қынынан алған қылыштай жарқ-жүрк етіп тұрған кез. Алысканды алқымынан алатын, қыңырды түзететін, күндіз үйде, түнде жорытатын көкбөрі кезі. Ал қыз балалардың толған айдай толықсып, арулықтың кемеріне келген кезі. Қазақ бұл жастағы ұл балаларды – «бозбала», «буыршын жігіт», «өр кез» деп атайды. Қыз баланы – «бүлдіршін», «бұла кез», «бойжеткен», «ару», «бікеш», «талшын кыз», «қырмығзы», «гүл өмір» деп атайды. «Қыздың қырық жаны бар, оттан ыстық қаны бар, жақсы болса бойында айдай жарқыраған ары бар» деп, қызға ден қоя қарап отырған. «Судың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді, жесір дауы ел дауынан қиын, қыздың жолы – жіңішке» деп, екінші мүшелге

толған қызды көзінің қарашығындай қорғай білген. Қазақтың байырғы салтында қызды жиырма беске толмай күйеуге беріп, ұзатып отырған. Жиырма беске толған қызды «марка қыз» немесе «отырған қыз» деп қараған.

Отыз жеті жас – үшінші мүшел

Қазақ есепшілері отыз жеті жасты үшінші буын өмірге жатқызады. Бұл кездегі азаматты «от жігіт», «шөк жігіт», «келген адам» (орда бұзар жас), «оқтаулы жігіт», «арыстан азамат» деп атаған.

Қырық тоғыз жас – төртінші мүшел

Қазақ есебінде адам баласының қырық тоғыз жасы – «төртінші мүшел», «төрт буынды өмір» деп есептелінеді. 49-ға келген адам ер болсын, әйел болсын, алмастан соққан қылыштай жарқылдаған кезі. Шапқан жерін кеседі. Бойы қуаты, ойы сауатты болады. Бұл жастағы жігітті қазақ «ақберен жігіт», «қылыш жігіт», «оқтаулы жігіт», «қыршын жігіт», «төре жігіт», «қырық жас – қыршын бас» деп те атайды. Ал бұл жастағы әйел адамды «от ана», «өктем ана», «сары қарын ана», «Қыдыр ана» деп есептейді.

Қырық тоғыз жастағы ер болсын, әйел болсын, «жерорта өмірі», «орта буын өмірі», «жас ортасы» деп қарағандықтан, бұндай адамдар толғанып сөйлейді, ойланап істейді, он ойлап, бір пішеді. Төрт төңірегін күзетеді, сара жолын түзетеді. Артық жол баспайды. Осыған қарап, қазақ бұл жасты кейде «таразы өмір», «безбен тіршілік» деп те жатады.

Біз соны білуіміз керек. Ұзақ тарих, өмір тіршілігі аясынан қорытқан тәжірибесінде 49 жас, яғни төртінші мүшелі адам өмірінің аса қатерлі шағы деп есептелінеді. Неге екені белгісіз, көп пенделер осы 49 жасында ауырмай, сырқамай, тұтқиылдан дүниеден өткенін көп жұрт жақсы білген. Сондықтан төртінші мүшел өмірде көп садақа беру, саксынып жүру, қатерлі жерлерге бармау, жылдар бойы алыс сапарға шықпау, адамдармен ренжіспеу, отбасының берекесін сақтауға көптен-көп мән беретін болған.

Қырық тоғыз жастағы ер болсын, әйел болсын, өз жұрты, нағашы жұрты,

қайын жұрты, төркін жұрты, ел-жұрты, дос-жарандарымен береке-бірлікте өтсе, қауіп-қатерсіз болады. Бағы өрлеп, бақыты жанады. Дәулеті көтеріліп, абыройы өседі деп қараған.

Алпыс бір жас – бесінші мүшел

Қазақ есебінде адам баласының алпыс бір жасы – «бесінші мүшел», «бесінші бунақ өмір» деп аталады. Алпыс бір жасқа келген ер болсын, әйел болсын, ақылы толған, мінезі орныққан, жеңіптек сезімнен, көбелек көңіл-күйден әбден тазарған, ары жарқылдап айдай толған кезі деп қаралады.

Қазақ бұл жастағы ер адамды «ата жасы», «ақыл жасы», жұрт ағасы», «дана жас», «атан жас», «ақберен жас», «ақ сүңгі жас» деп қараған. Сондықтан қазақта «Алпыстан асқаннан ақыл сұра, отыздағы жігіттен олжа сұра» деген тәмсіл бар. Тағы да қазақтың «Жігіттің алпысқа келгені – атан жігіт болып толғаны», «Алпыс – тал тұс», «Алпыстағы адамнан бата алған жанның бақыты жанады, тоқсан тарау жолы жақсылыққа ашылады» деп, алпыс жастың қадір-қасиетін, өмірдің қымбатын дұрыс бағалай білген. Ал алпыс бір жасқа толған әйел адамдарды «ақ жаулықты ана», «ақ самайлы шеше», «ару ана», «ақ қарын ана», «төр бәйбіше», «от анасы», «орда ақыл», «ауыл анасы», «ел анасы», «ақыл данвсы» деп бағалаған.

Алпыстан асқан ананың ақ батасын Алла Тағала пердесіз қабыл қылады деп сенген. Анасы бар үйде қараңғылық болмайды деп білген. Үй құты анада, бағы шаңырақта, қорғауда ер адамда тұрады деп ырым еткен. Үлкен абыроймен сыйлап, құрметтеген. Жастар бетінен алмаған. Алдынан кесе-көлденен өтпеген. Қатты сөз айтып, қамықтырмаған. Себебі ана жолы – үлкен жол. «Ананың ақылы – халықтың нақылы» деп білген.

Расында, алпыстан асқан адамның өмір тәжірибесі мол болады. Әр басқан қадамын есептеп басып, есті тәрбие айтады. Қателік өткізіп алудан, ұятты істерден көш аулақ күйде өтеді. Бұл кез адам баласының өмірінің ең жоғары сапалы дәрежеге өткен, ары айдай толған, иманы кемеліне келген, өте дұғалы ауызды кезі саналады. Қазақта «Әке қарғысы – оқ, шеше қарғысы – бөк» деген мақал бар. Осы мақалдың түп-төркінінде шешенің

шындап қарғамайтындығы, жүрегінің күн шуағындай жылы, мейірімді екендігі көрініп тұр.

Жетпіс үш жас – алтыншы мүшел

Қазақ есебінде адам баласының жетпіс үш жасы – «алтыншы мүшел», «алтыншы бунақ өмір» деп аталады. Бұл кездегі ер адамдарды «жер орта жастан ауған жас, қарттық жас, ұлық жас, жетілген жас, жетелі кезең, жеті қырқалы шақ, өтпелі өмір» десе, кейде нашарлау шалдарды «таяқты өмір», деп, мінездеме беріп жатады. Ал енді бұл жастағы аналарды «асқар ана», «дана ана», «қарт ана», «сары қарын ана», «құт ана», «ақ шылауышты ана», «ақ самайлы апа» деп атайды. Жетпістен асқан ата болсын, ана болсын, ауылдың құт-берекесіне санайды. Төрдін сәні, өмірдің мәні деп қарайды. Ауыр жұмысқа шекпейді, бетіне қатты сөз айтпайды, бұл жастағы ата мен ананың көрін төксе, көрін төккен адам оңбайды. Бастағы бақыттың қайтуы осындай ата мен аналарды ренжітуден, өмірдің қысқаруы, жолдың болмауы, бақтың байлануы, сордың қайнауы ата мен ананы өкпелетуден бастау алатынын ұмытпаған абзал. Қайта олардың батасын алып, көңілін тауып, қош етсеңіз, алдыңыздағы бар бақыттың қақпасы ашық тұрады.

Сексен бес жас – жетінші мүшел

Қазақ сексен бес жасты – «жетінші мүшел», «жетінші буын өмір» деп атайды. Бұл жастағы аталарды «сенгір жас», «алып жас», «қарт ата», «әулие ата», «пір ата», «ел атасы», «ақсақал» деп те атайды. Ал жетінші буындағы аналарды «ақ шылауышты ана», «ұлы ана», «ақ самайлы ана», «қарт апа», «кейуана», «киелі ана», «мөлдір ана», «асыл әже» деп атайды. Бұл мүшелге жеткен ата болсын, ана болсын, үйдің құтына, өмірдің жарық шырағына, төрдің сәніне, өмірдің мәніне, ауылдың қазынасына айналған шағы. Әрбір бала, немере, шөбере, шөпшектерінің алдында тұрған ақ бастау өмір деп қаралады. Қазақ – «сексен бес жас – сенгір асу, селкілдек өмір, сақал-мұрты ағарған желпілдек өмір» деп тектен-текке айтпаған. Сексен бестен асқан қартты ажал 85 жерден аңдиды. Арты құз, алды жар, жолы тар, бақиға таяу тұрған шағындағы, батар күн алдындағы тіршілік несін еш ренжітпеген оң болады. Сексеннен асқан ата мен ананың батасын алу, бағып құту – бар ұрпақтың маңдайына тегіс жазыла бермейтін бақыт.

Тоқсан жеті жас – сегізінші мүшел

Қазақ есебінде тоқсан жеті жас – «сегізінші мүшел», «сегізінші бунақ өмір» деп есептелінеді. Бұл жасқа келген ата мен апаны қазақ «қақпыш буын», «ақтық буын», «қарт буын», «әулие баба», «кейуана», «киелі ана», «пір ана», «тау ата», «орман ана», «баталы ғұмыр», «бақты өмір», «шырақты тіршілік», «көмбелі кезең», «көзек асқан жас» деп атайды.

Бұл мүшелге толған ақ ата мен ақ ананың бір кездегі таудай болған денесі тобықтай болып солады. Айдай толған ажарын терең әжім басады. Кезіндегі сері сезімі сірі ақылға айналады. Ақ таыққа таянады. Құлақтан аздаы, сөзден тозады. Төрінен көрі жақындайды. Көп нәрседен жиренеді, әлсіз күй кешеді. Осыған қарап оны кейде «қанбақ шал», «қанбақ апа» деп те жатады. Рас, жүз жастық – бір ғасырлық ғұмыр кешіп, ұл мен қыз, немере-шөбере, шөпшектерінің алдында, ажал аузында ақырғы сәтте отырған, ақтық демінен бата алған ұрпақтың бақыты бір ғұмыр жанады. Қарт ата мен ананың құты шаңырағына дазып, шырағы өшпес болады.

Ақпарат дереккөзі:
<https://massaget.kz>

ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ШАҒЫМДАРЫ 11,7%-ҒА АЗАЙҒАН

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында халық тарапынан МӘМС жүйесіндегі медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне қатысты шағымдардың азаюына ықпал еткен шаралар туралы баяндалды.

2025 жылдың алғашқы бес айында Қорға барлығы 10 363 шағым түсті, олардың 5 073-і қайтарылып алынды. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,7%-ға төмен. Ол кезде 11 745 шағым тіркелген еді (5 167 қайтарылған).

«Азаматтардың шағымдарын азайту және

медициналық қызмет сапасын жақсарту бағытындағы жүйелі жұмыс нәтижесінде оң нәтижеге қол жеткізілді. Осы мақсатта Қор медициналық ұйымдар базасындағы пациенттерді қолдау қызметтерімен бірлесіп жұмыс істейді. Қор бұл қызметтердің мамандарының кәсіби деңгейін арттыру үшін ай сайын оқыту сессияларын ұйымдастырады», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

Оқытулар негізгі бағыттарды қамтиды – беделді басқару (репутациялық менеджмент), этика және

деонтология, ҚР медицина қызметкерлерінің ар-намыс кодексі. Сессия барысында нақты келіп түскен шағымдар талданып, қаралады. Бұл теориялық білімді тәжірибеде қолдануға, сондай-ақ халық тарапынан сенімді арттыруға мүмкіндік береді. Халықпен кері байланысты қушейту және еліміздегі медициналық көмектің сапа стандарттарын арттыру жұмыстары жалғасуда.

Егер сіз медициналық көмек алу кезінде мәселе туындаса, дәрігердің ем тактикасына қатысты шешімімен келіспесеніз немесе МӘМС

жүйесіндегі мәртебенізге қатысты сұрақтарыңыз болса, Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне аласыз. Аталған қызмет әрбір медициналық ұйымда жұмыс істейді. Оның жұмысы Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексімен, сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығымен реттеледі («Медициналық қызметтердің (көмектің) сапасына ішкі және сыртқы сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы»).

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов**

**Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/PY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №137**

**E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)**